

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘСКЕРИ ҚҰРЫЛЫСЫ ТАРИХЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН РӨЛІ**

**Ережепова Римма Гизатоллақызы^{1*}, Қалменова Бахытгүл Тулаққызы²
Жаханова Жанар Абусейітқызы¹**

¹Ш. Есенов атындағы КМИТУ, Ақтау қ. Қазақстан

²Астана Медициналық университеті, Нұрсұлтан қ. Қазақстан

*Автор-корреспондент

E-mail адресстер: rimma.yerezhpova@yu.edu.kz (Ережепова), bakhytgul.kalmenova@bk.ru (Қалменова), zhanar.zhakhanova@yu.edu.kz (Жаханова)

Түйіндеме. Мақалада ұлттық құрылымдар, оның құрамы, орналасу нүктесі, әскери іс-қимылдарына шолу жасау, Қызыл Әскердің ұлттық бөлімдерінің ұйымдасуы туралы құжатнамалық жинақтар зерттелген.

Бұл мақалада Қазақстанның Кеңес үкіметі жылдарындағы, соның ішінде 20-30 жылдардағы әскери құрылымының қалыптасу тарихы туралы баяндалып, Қазақстанның әскери құрылысының қалыптасуына большевиктердің саяси демагогиясының әсері мен кезеңдері қарастырылады. Бұл мәселеде қазақ зиялыларының ішіндегі Т. Рысқұловтың, А. Байтұрсыновтың ұлттық әскери құрылымдардың ұлттық әскери концепциясына байланысты пікірлері де қарастырылған.

Сондай-ақ, тоталитарлық режимнің қоғамдық-саяси өмірге әсері одақтас республикалардың орталықтанған Қарулы Күштерінің пайда болуы, тоталитарлық режимнің Түркістан аймағындағы түркі тектес тұрғындарды таптық белгілері бойынша жіктеп, Қызыл әскердің тұрақты ұлттық әскери бөлімдерін құруы баяндалған.

Кілт сөздер: әскери азаматтар, азаматтық соғыс, Қызыл әскер, идеология, тоталитаризм, Кеңес үкіметі, әскери комиссариат, Орта Азия, демобилизация.

МРНТИ 03.20.

**РОЛЬ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЧАСТЕЙ В ИСТОРИИ
ВОЕННОГО СТРОИТЕЛЬСТВА КАЗАХСТАНА**

**Ережепова Римма Гизатоллаевна^{1*}, Қалменова Бахытгүл Тулақовна²
Жаханова Жанар Абусейітовна¹**

¹КГУТИ им. Есенова, Ақтау Қазақстан

²Медицинский Университет Астана, г. Нұрсұлтан, Қазақстан.

*Автор-корреспондент

E-mail: rimma.yerezhpova@yu.edu.kz (Ережепова), bakhytgul.kalmenova@bk.ru (Қалменова), zhanar.zhakhanova@yu.edu.kz (Жаханова)

Аннотация. В статье рассматриваются национальные структуры, их состав, расположение, обзор боевых действий, документальные сборники по организации национальных частей Красной Армии. Также описывается история формирования военной структуры Казахстана в годы Советской власти, в том числе 20-30 годы XX века, а также рассматривается влияние и этапы политической демагогии большевиков на формирование военной структуры Казахстана. В этой связи учитываются взгляды казахской интеллигенции Т. Рыскулова, А. Байтұрсынова на национальную военную концепцию национальных военных структур.

Влияние тоталитарного режима на общественно-политическую жизнь заключается в возникновении централизованных Вооруженных Сил союзных республик, тоталитарный режим классифицирует тюркское население Туркестанской области по классам и создает постоянные национальные воинские части Красной Армии.

Ключевые слова: военные, гражданская война, Красная Армия, идеология, тоталитаризм, Советское правительство, военный комиссариат, Средняя Азия, демобилизация.

IRSTI 03.20

THE ROLE AND ACTIVITY OF NATIONAL PARTS IN THE HISTORY OF MILITARY STRUCTURE OF KAZAKHSTAN

Erezhepova Rimma Gizatollaevna^{1*}, Kalmenova Bakhytgul Tulakovna², Zhakhanova Zhanar Abuseitovna¹

¹KGUTI after Sh. Esenova, Aktau, Kazakhstan

²Astana Medical University, Nursultan city. Kazakhstan

*Corresponding author

E-mail: rimma.yerezhhepova@yu.edu.kz (Erezhepova), bakhytgul.kalmenova@bk.ru (Kalmenova), zhanar.zhakhanova@yu.edu.kz (Zhakhanova)

Abstract. The article examines national structures, their composition, location, review of hostilities, documentary collections on the organization of national units of the Red Army. The article describes the history of the formation of the military structure of Kazakhstan during the years of Soviet power, including the 20-30s of the twentieth century, and also examines the influence and stages of the political demagoguery of the Bolsheviks on the formation of the military structure of Kazakhstan.

In this regard, the views of the Kazakh intelligentsia of T. Ryskulov and A. Baitursynov on the national military concept of national military structures are taken into account.

The influence of the totalitarian regime on social and political life lies in the emergence of the centralized Armed Forces of the Union republics, the totalitarian regime classifies the Turkic population of the Turkestan region by classes and creates permanent national military units of the Red Army.

Key words: military, civil war, Red Army, ideology, totalitarianism, Soviet government, military commissariat, Central Asia, demobilization.

Кіріспе. Патшалық Ресей Қазақ жерін толығымен XIX ғасырдың II жартысында жаулап алып, үш әкімшілік территорияға бөліп тастаған еді. Аталған әкімшілік территорияларда патшалық Ресейдің отаршыл бағыттағы аппараты жұмыс жасай бастаған болатын.

Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда бір орталықтан басқарылатын әкімшілік болған жоқ. Ұлттық әскери бөлімдерді құрудың тәжірибесі XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында қолданыла бастаған болатын. Мұндай үрдістің қалыптасуы Ресей құрамындағы халықтардың этникалық мобилизациясы процесінің күшеюі мен империялық ұлттық саясат дағдарысының жарқын көрінісі ретіндегі елдегі қоғамдық-саяси жағдаймен байланысты болды. Оған мысал ретінде Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында құрылған Кавказ түземдік атты корпусы Оңтүстік -Батыс майданда әскери іс-қимылдарды көрсетуде белсенділік танытты. 1917 жылдың Қазан төңкерісі қарсаңында аталған корпус 24 жүздіктен тұрды. Алғашқы дивизия екі атты полктен – Кабардин және Черкес дивизиясы, екіншісі – Татар және Шешен атты полкінен құралған еді. Ал, екінші дивизия – Осетин және Ингуш атты дивизиясынан құралып, екінші бригада деп аталды (Искахов, 2004:322).

Сол жылдары ресейлік әскер құрамындағы ұлттық бөлімдерді көбейтуге қарсылық білдірген патшаның бұрынғы Ставкалық және әскердің Бас қолбасшыларының қарсылығына қарамастан, 1917 жылдары Уақытша үкімет әскер құрамын ұлттандыру реформасын жалғастыра түсті. Әскердің мұндай реформаға ұшырауы ұлттық белгілері принципі бойынша біріктірілген құрамалар орыс әскерін әлсіретіп, сепаратизмге соқтыруы мүмкін деп қауіптенді.

Ұзақ уақыт бойы пікірталас тудырған мәселеде Уақытша үкімет басшысы болған А.Н. Керенскийдің этникалық белгілері бойынша солдат комитеттерін құру позициясымен жеңіске жетті. 1917 жылы қазанда Әскери министр А.И. Верховский Уақытша

Кеңестің отырысында украин, татар, грузин, эстон әскери бөлімдерінің құрылғандығын жариялады (Лысенко, 2018:61).

Мұсылман әскерилері де діни-этникалық принцип бойынша әскери бөлімдерді құру процесінен қалыс қалмады. Қазандағы 1917 жылы 17-25 шілде күндері өткен I Жалпыресейлік Мұсылман Съезіндегі мұсылман кеңесінде Үкіметтің арнайы қаулысында мұсылман дивизиялары мен бөлімдері заңдастырылды. Ресей әскерінің белсенді мұсылмандандыру процесі 1917 жылдың қыркүйегінде басталды.

Түркістан да жалпыресейлік мұсылман қозғалысының әскери бөлімдерін құру процесінен шет қалмады. 1917 жылы 10 қазанда құрамында 25 делегаттан тұратын әскери мұсылмандардың бірқатар мәселелерді шешу үшін Түркістан өлкелік съезі өтті. Соның ішінде Түркістан әскери округы құрамында мұсылман роталарын құрудың қажеттілігін мойындады. Ташкенттегі мұсылман роталарын құру 1917 жылдың қазан-қараша айларында жүрді. Алайда, Түркістан әскери батальоны құрамындағы отрядтар негізінен татар, башқұрт өкілдерінен тұрды.

Қазақстан азамат соғысы жылдарында біртұтас мемлекет болмағандықтан, шетел интервенциясы жылдарында осында құрылған Қызыл Әскердің ұлттық құрамдарын екі негізгі облыстарға бөлуге болады. Алғашқысы, Түркістан Автономиялы Кеңестік Республикасы құрамына кіретін облыстардың – Жетісу, Сырдария, Закаспий бөлімдерінің және Алтай губерниясының қазақтары мен басқа да орыс емес ұлттарын құрады.

Екіншісі, Қазақ әскери комиссариаты құрамын Қызыл Әскерді ұлттық қазақ әскері бөлімдері құрады. Бұрынғы одақтық және автономиялық республикалардың тұрғындарын Қызыл Әскер қатарына Орта Азия мен Қазақстандағы азаматтық соғыс жылдарында қызмет етуге тарту кезеңдерінің ең күрделі кезеңділігіне сәйкес әскери ұлттық бөлімдердің құрылуында 1918-1921 жылдары Қазақ әскери комиссариатының басшылығымен Түркістан Автономиялық Республикасы құрамындағы қазақ ұлттық бөлімдерінің құрылу процесімен сипатталады.

Түркістанның және Дала өлкесінің жергілікті халқы 1874 жылғы әскери реформа жылдарында әскери міндеткерліктен босатылған болатын. 1917 жылдың қазан айынан Азамат соғысы жылдарына дейін де Дала өлкесі және Түркістан мен басқа да майдандарда жергілікті этникалық негіздегі бөлімшелер құрылмаған болатын. Себебі, империялық әскери және азаматтық шенеуніктердің жалпыға ортақ міндеткерлік заңын барлығына бірдей орнату мәселесін Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін де шеше алмады (Лысенко, 2012:186).

1918 жылдың көктемінде Антанта елдері Кеңес үкіметі орнаған Ресейге қарсы ашық интервенция бастаған болатын. Антанта елдерінің әскерлерінің әрекеті солтүстік пен Қиыр Шығысқа басып кіруден басталған болатын. Ал, мамыр айында Кеңес үкіметі босатқан соғыс тұтқындарынан құрылған контрреволюциялық топ бүлік ұйымдастырған еді.

Антантаның көмегіне сүйенген ақ гвардияшылар Орынборды басып алып, Қазақстан мен Түркістанның кеңес үкіметі орнаған аудандарын бөліп тастады. Осы жағдайға байланысты, 1918 жылы 14 маусым күні В.И. Лениннің Кеңес Қызыл Әскерінің ұлттық бөлімдерін ұйымдастыру туралы «Барлық еңбекші мұсылмандарға» деген үндеуі шықты (Аманжолов, Тасболатов, 1999:166).

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында-ақ, ұлттық құрамаларды, соның ішінде мұсылман бөлімдерін құру жолына ден қойды. 1917 жылы 15 қарашада И.В. Сталин қол қойған Ұлттық істер бойынша Халық комиссариатының Қаулысында «ұлттық белгісі бойынша еркін әскери топтардың құрылуына ерік» беретіндігі айтылады (Искахов, 2004:431). Алайда мұсылман бөлімдерін құру өте баяу және белсенді емес түрде жүргізіледі. Оның себебі де аз емес еді: татар-башқұрттардың қарам-қайшылығы, кадрлық мәселе, оның ішінде бұрынғы патша әскерилерінің саяси науқанға қатысудан бас тартуы, мұсылман әскери қызметшілерінің арасындағы алауыздық, саяси бағыттарының алуан түрлі позицияда болуы. Азамат соғысы жылдарында саяси тұрақсыздық пен бытыраңқылықты пайдаланып қалғысы келген Бүкілресейлік мұсылман кеңесі мұсылман құрамаларын құрудағы басшылықты өз қолдарына алуға тырысты. Осы іс әрекеті үшін Бүкілресейлік мұсылман Кеңесі контрреволюциялық деп танылып, таратылғаннан соң, 1918 жылдың 17 қаңтарында Ұлттар ісі бойынша Халықтық комитетте баламалы түрде құрылған ішкі Ресейдің мұсылман істері бойынша Орталық комиссариат жұмыс істей бастады. Бір жағынан, аталған құрылым миллиондаған мұсылман халқы

бар елдегі саяси ықпалын жоғалтып алмау үшін қызмет жасаса, екінші жағынан кеңестік социализмді құру жолында негізгі позицияны өз уысынан шығарып алмауды көздеді.

Ішкі Ресейдің мұсылмандар ісі бойынша құрылған Орталық комитеттің негізгі міндеттерінің бірі – мұсылман әскери бөлімдерін Қызыл Әскердің құрамындағы жұмысшы-шаруа бөлімшелері ретінде қалыптастыру болды. Ол үшін Комитеттің құрамында мұсылман бөлімдерін жинақтау және жұмыс ұйымдастыру бойынша Әскери бөлім құрып, кейін оның рөлі азамат соғысы жылдарында өсіп, 1918 жылы 2 мамырда И.В. Сталин мұсылман жұмысшы-шаруа әскерін құру туралы қаулыға қол қойды. Аталған мұсылман бөлімдерін одан әрі кеңейтіп, оны әскери операцияларға пайдалану көзделді. Алайда, осындай бөлімдерге еріктілерден ешкім байқалмаған. Қызыл Әскердің құрамына баруға бас тарту елдегі күрделі саяси жағдай әсерінен және большевиктер тарапынан елдегі кеңестік билікті орнатудағы әрекеттерінен көрінді. Осылайша, елде 1918 жылдың тамыз айында Бірінші мұсылман кеңестік жаяу полкі мен кеңес полкі Қазан және Уфа қалаларында, Бірінші және Екінші татар-башқұрт батальондары Мәскеуде, Мұсылман қызыл әскер отряды Астраханьда құрылған болатын және оның құрамындағы әскер саны он мыңнан аспады (Лысенко, 2018:62).

1918 жылдың 2 мамырдағы мұсылман жұмысшы-шаруа әскерін құру туралы ұлттар жөніндегі Халық Комитетінің қаулысына сай, әскери құрылымдарға адам жинақтау Түркістанның және Дала өлкесінің жергілікті халқы арасынан іріктелді.

1918 жылы 12 мамыр күні Ұлттар жөніндегі Халық Комитеті жанынан Қырғыз (Қазак) бөлімшесін құру туралы қаулы қабылданды. Оның негізгі қызметі өлкедегі ағартушылық, саяси-қоғамдық, әкімшілік, мәдени, этникалық мәселелерді шешу болатын.

Большевиктер таңдаған жол Кеңес мемлекетіндегі барлық ұлттар мен халықтардың әскери одағын құру арқылы тоталитарлық мемлекет құру. 1918 жылы мамырда Халық комиссариатының құрамында ұлттық әскери комиссариаттарды құруға негізделді (Бакаев, 2000:53).

Большевиктер орыс емес ұлттарды пролетарлық бірлік пен интернационализм ұранымен біріктіріп, жалпыға бірдей теңдік пен бостандыққа уәде берді. Олар бұрынғы патшалық биліктің отары болған халықтарды Ресейдің барлық шовинизмімен күресуге бағытталған ұрандармен, Ресейдің барлық халықтарының біртұтас мемлекет шеңберінде ұлттық өзін-өзі анықтау құқығын жариялауға тартуға тырысты.

Реакциялық сипаттағы большевиктердің саяси идеологиясы әсіресе 1920 жылдары, содан кейін 30-шы жылдары күшейе бастап, бұрынғы Ресей империясының шетіндегі сауатсыз және езгіге ұшыраған, большевизмнің түпкі саяси мақсаттарын түсінбейтін пролетариатқа бағытталған болатын.

РСФСР үкіметі тәуелсіз кеңестік республикалардың келісімімен сол сәтте бүкілодақтық үкіметтің қызметін атқарды. Кеңес республикаларының әскери күштерін біріктіру тәжірибесі болашақта Орта Азия мен Қазақстан халықтарын азат ету кезінде қолданылды. 1919 жылы қыркүйек айының ортасында Түркістан майданының әскерлері Кеңестік Түркістан әскерлерімен күш біріктірген кезде, оған ұлттық әскери дамуды орнатуда жан-жақты көмек көрсетуден бас тартты (Бакаев, 2000:53).

Материалдар мен әдістер. Мақаланың дереккөзі ретінде қазақстандық архивтердің материалдары мен жарияланған материалдардың негізіндегі құжаттар мен материалдар пайдаланылды.

Зерттеудің деректік базасы ретінде Кеңес үкіметінің шешімдері, Кеңестік Қызыл Әскердің Бас Органы директиваларының баяндамалары қарастырылған.

Қарастырылып отырған тақырыпта тарихи зерттеудің негізгі тарихи әдістері – тарихи салыстырмалы және тарихи жүйелілікті қолдана отырып жасалынған.

Тарихи салыстырмалы ғылыми әдіс – тарихи әдістің бір түрі, оның көмегімен салыстыру арқылы тарихи құбылыстардағы жалпы және жеке ерекшеліктер ашылады, бір құбылыстың немесе екі түрлі қатар өмір сүретін құбылыстардың әртүрлі тарихи даму сатыларын тануға қол жеткізіледі. Оның көмегімен зерттелетін объектінің даму деңгейлерін, болған өзгерістерді анықтап және салыстыруға, даму үрдістерін анықтауға мүмкіндік береді. Мысал ретінде зерттеліп отырған мәселе осы әдіс арқылы азамат соғысы жылдарындағы ұлттық құрамалардың пайда болу алғышарттарын ХІХ ғасырдың оқиғаларымен байланыстыра отырып, ХХ ғасырда өрбіген тарихи оқиғаларды дамытады.

Тарихи салыстырмалы әдістің әртүрлі формаларын бөліп қарастыруға болады. Зерттеліп отырған объектілердің табиғатын ашатын салыстырмалы әдіс, шығу тегімен

байланысты емес құбылыстар ұқсастығының генезисі мен дамудың бірдей шарттарымен түсіндіретін тарихи-типологиялық салыстыру, тарихи-генетикалық салыстыру, онда құбылыстардың ұқсастығы олардың шығу тегі бойынша өзара байланысының нәтижесі ретінде түсіндіріледі.

Тарихи жүйелілік – тарихи әдіс, зерттеу барысында табылған, содан кейін тарихи шығарма жазуда қолданылатын алғашқы дерек көздерімен және басқа дәлелдемелермен жұмыс істеу принциптері мен ережелерін сақтаудан тұрады.

Тарихи жүйелілік принципі бойынша зерттеу жұмысын жазу барысындағы дереккөздерді анықтау арқылы тарихи оқиғаларды кезеңдерімен салыстыра отырып, XIX ғасырда өрбіген тарихи оқиғаларға баға беру арқылы азамат соғысы жылдарындағы және одан кейінгі тарихи фактілер зерделенеді.

Талдау. XX ғасырдың 20-жылдарында бірқатар авторлар этникалық шекаралас аймақтардың тұрғындарының Кеңес өкіметі үшін күреске қатысуы мәселелерін зерттеуге тырысқан.

Зерттеушілердің көпшілігі ресейлік әскердің моноэтникалық құрамының мұсылман әскер бөлімдері – татар және башқұрттардың кіргенін айта кету керек, бұған дәлел олардың әскер қатарындағы жоғары этникалық деңгейінің болуында (Искахов, 2004:338).

Азамат соғысы жылдарында Орта Азия және Қазақстаннан Қызыл Әскер қатарына бұрынғы одақтық және автономиялық республикалардың тұрғындарын тартудың күрделі негізгі кезеңдеріне сай, Түркістан автономиялық Республикасы шеңберінде құрылған әскери ұлттық бөлімдерді және 1918-1921 жылдары Қазақстанның әскери комиссариаты жетекшілігімен қазақ ұлттық бөлімдерінің қалыптасу процесін бөлек қарастыру қажет.

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін, Қызыл Әскер құрамында орыс емес ұлттардан құралған жергілікті халықтың азамат соғысына қатысуына байланысты ғылыми көзқарастар алуан түрлі .

1921 жылы Мәскеуде Г. Сафаровтың Түркістандағы азамат соғысы жылдарындағы Кеңес үкіметінің орнауында жергілікті халықтың ықпалы болмағандығын алға тартып, орыс жұмысшыларының күшіне сүйенгендігіне баса назар аударады. Сондай-ақ, 20-шы жылдары жергілікті халықтардың азамат соғысына қатысуын коммунистік бағытта қарастырған бірқатары авторлар болды.

Түркістан Автономиялық Республикасы Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Тұрар Рысқұлов өзінің брошюралары мен мақалаларында нақты фактілерге сәйкес Түркістандағы азамат соғысының негізгі оқиғаларына тоқталған. Т. Рысқұлов алғашқылардың бірі болып Түркістанның жергілікті ұлт өкілдерінің Кеңес өкіметін нығайту үшін күреске қатысқандығын көрсетті (Военный политический журнал, 1969:14). Оның еңбектерінде басмашылардың пайда болу себептері негізінен экономикалық дағдарыстың салдарымен түсіндірілді.

XX ғ. 20-шы жылдың соңы-30-шы жылдардың басында С.Т. Филиповтың Қызыл Әскердің Түркменстандағы іс-қимылдарын сипаттаған жұмыстары жазылды. Закаспий қорғанысы жетекшілерінің бірі бола отырып, ол жергілікті ұлттардың шетелдік интервенцияға қарсы күрестегі қатысқан әрекеттерін шынайы сипаттайды (Бакаев, Филиппов, 2000:47).

Қазақстанда ұлттық әскери құрылыстың тарихын азаматтық соғыстың қатысушылары да баяндаған. Олардың ішінде В. Катукоттың «Қазақстандағы ұлттық әскери құрылыс» атты еңбегі қызығушылық тудырады (Бакаев, Филиппов, 2000:48).

XX ғ. 30-шы жылдары П. Варламовтың «Тұңғыш Қазақ кавалериялық полкының қалыптасуы тарихынан» атты жұмыстары жарыққа шықты (Варламов, 1937).

XX ғ. 40-шы жылдардың соңында азамат соғысы жылдарындағы Қызыл Әскердің қазақ әскери бөлімдерінің қалыптасу тарихы туралы «Қазақ ССР ҒА Хабаршысы» беттерінде А.Н. Нусупбековтың мақаласы жарыққа шыққан болатын.

Азамат соғысы жылдарында қазақ ұлттық құрылымдарының ролін ашуда С.Н. Покровский, П. Пахмурный, А.С. Елагин, Ю.И. Романов, Х. Чуриндер еңбек етті.

1917-1945 жж. Қазақстандағы ұлттық әскери құрылыстың мәселелеріне профессор, тарих ғылымдарының кандидаттары Қ.Р. Аманжолов пен Р.Г. Қаратаевтың, М.М. Мадияровтың монографиялары арналып жазылды (Бакаев, 2000:49).

Қазақстанның әскери тарихнамасында академик М. Қозыбаевтың жұмыстарының да ролі бар (Қозыбаев, 1964). Бұрынғы КСРО халықтарының әскери құрылысқа қатысуы туралы тарихнамасы мәселелеріне Қазақстан тарихының үлкен үлесі бар.

Нәтижесі. 1918 жылы қыркүйекте құрылған Түркістан ұлттық істер жөніндегі комиссариаты армияға жергілікті халықты тартудағы маңызды рөл атқарды. Қызыл әскер қатарына қазақ халқы арасынан тарту ісін РСФСР-дің ұлттар жөніндегі Халықтық Комиссариаты жанындағы Қырғыз (Қазақ) бөлімінің Әскери бөлімі жүргізді.

Әскер қатарына жергілікті халықтың өкілдерінен тартуда 1918 жылы құрылған ұлттық істер бойынша Түркістан Комиссариатының рөлі зор болды. Алайда, Түркістандағы ұлттық-саяси жағдай қиын болатын. Жергілікті халық орыс ұлтының өкілі болып табылатын большевиктердің революциялық үндеулеріне белсенді түрде жауап бермеді. Алайда, партия басшылары мен өкілдерінің берген ақпараттарында әскер қатарына тартылу баяу және белсенсіз жүрген.

Мысалы, 1920 жылы 1 сәуірде Түркістан майданында 122656 адам болды, оның ішінде 7727 қазақ-қырғыз, 6130 өзбек болды. 1920 жылы 1 мамырдағы жағдай бойынша Түркістан майданында орыстар – 69,7 пайыз, ал қазақтар-қырғыздар – 6,3 пайыз, өзбектер – 5,6 пайыз болды (Бакаев, Рыскулов, 2000:14).

Аталған жағдайға төмендегідей себептер мысал бола алады: Орал, Ақмола, Торғай, Семей облыстарының территорияларында 1918 жылдың жазында кеңес билігі жойылған болатын. 1918 жылдың күз айларында Жетісудағы әскери іс-қимылдар Түркістан өлкесінің Петроградпен байланысын үзді. Осылайша, қызылдар мен ақтар арасындағы үздіксіз әскери қимылдар кезінде әскерді қаржыландыру үшін өнеркәсіптік және қаржылық-техникалық ресурстардан қол үзіп қалған. Орынбор-Ташкент теміржолы арқылы келетін барлық тасымалға тосқауыл қойылды.

Екіншіден, өлкенің жергілікті халқының Қызыл Әскердің құрамындағы мұсылман полктерін құрудағы төмен қатысуы олардың большевиктерге деген көзқарастары болды. Себебі, өлкеде 1917-1918 жылдары Қокан және Алаш автономиялары құрылып, кеңестік билікті алаңдатқан болатын. Большевиктер мұндай жағдайда кеңестік билікке төнген қауіпті болдырмау үшін аталған автономияларды жоюға тырысты және оның заңдылығын мойындаудан бас тартты.

Қазақ зиялылары мен Алаш үкіметі ақтардың жағына шыға отырып, Колчак және Деникиннің әскерінің қарулы күштерімен белсенді іс-әрекетке көшкен болатын. Елде қалыптасқан жағдайды ескере отырып, большевиктік билік органдары Қызыл Әскердің қатарына жергілікті халықтың тартылу мүмкіндігінің бар екендігін жоққа шығарды.

1918 жылдың 6 қазанында өткен Түркі Республикаларының төтенше съезінде қабылданған резолюцияда «мұсылман халықтарының арасында әскерге тартудың мүмкіншілігінің жоқ екендігі, тек, мұсылман пролетариатының кең аясында Социалистік Отанды қорғауды уағыздауды жолға қою мүмкіншілігі» туралы айтылады (Иностранная военная интервенция и Гражданская война в Средней Азии и Казахстана, 1963:75).

1918 жылы 9 қарашада ұлттар жөніндегі Халықтық Комиссариаты жанындағы Қырғыз (Қазақ) бөлімінің Әскери бөлімі қазақтар арасында «Кеңес үкіметін орнатуда бірлескен күрес жүріп жатқандығын» мәлімдеді. Алайда Бөкей Ордасы мен Астрахань аудандарында өмір сүріп жатқан қазақтарды ғана тарта алған (Орталық Азия мен Қазақстандағы шетелдік әскери интервенция мен азаматтық соғыс, 1963:154).

Елдегі жағдай Қызыл Әскердің Шығыс майдандағы сәтті әскери іс-қимылдарының нәтижесінде өзгере бастады. 1919 жылы 10 шілдеде Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстарында әскери және азаматтық істерді жүргізу билігіне ие болған Қазақ Революциялық комитеті құрылды.

Қазақ Революциялық Комитетінің құрылуымен ұлттар жөніндегі Халықтық комитеті жойылып, басқару салалары бойынша бөлімдер құрылды. «Қырғыз Өлкесін басқару бойынша Революциялық комитет туралы» декретке сай, Қызыл Әскер қатарына әскерге шақыру туралы күзіреттілік Қырғыз әскери комиссариатына берілді. Өлкенің әкімшілік-территориялық құрылымдарында облыстық және уездік әскери комиссариаттар құрыла бастады.

Түркістанда жергілікті халық арасынан әскерге тарту Түркістан АССР-нің әскери істері бойынша Халық комиссарының Бірінші Ташкент батальонын құру туралы бұйрығы шыққан кезде жүзеге аса бастады. Қазақ Революциялық Комитетінің белсенді араласуымен 1919 жылы жаз айында Бөкей Ордасында бірінші үлгілі қазақ кавалериялық полкі құрылды. Қалмақ жеке дивизиясы штабының басшысының баяндамасында: «І үлгілі кавалериялық полкі толықтай киіммен қамтамасыз етілген, тәртіпке салынған, оқытылған және 1700 адамды құрайды. Полктың құрамында бұрынғы әскердің әскерилері, мамандандырылған кавалеристер, вахмистрлер мен офицерлер, бұрынғы

әскердің кіші және аға офицерлері бар» делінген.

1919-1920 жылдар аралығында алғашқы жеке қазақ атты әскерлер кавалериялық бригадасы қазақ территориясында құрылды. 1919 жылдың 3 маусымында әскери істер бойынша Қырғыз (Қазақ) комиссариатының бұйрығы бойынша Бірінші Қырғыз кавалериялық полкына РСФСР-дің Қызыл белгісі табысталды.

1919 жылы 24 шілдеде Шығыс Майдан басшысы Фрунзенің бұйрығымен Шығыс Майданның Астрахань бөлімі құрылды. Оның құрамына Бөкей Ордасынан жиналған қазақ атты әскерлері қосылды.

1919 жылы 15 желтоқсанда Қазақ өлкелік әскери комиссариатында, сондай-ақ Қазақ уездік әскери комиссариаттарында: Ақтөбе, Темір, Ырғыз, Торғай, Бөкей облысында және Еділ-Каспийде 3 взвод құрамының жергілікті күзет ротасы құрылды. Сонымен, 1918-1920 жылдардың аралықтарында шетелдік әскери интервенция және азаматтық соғыстар жылдарында әскери бөлімдерді құру жөніндегі Қазақ бөлімі және әсері істер бойынша

Қазақ Комиссариаты Қызыл Әскердің 33 ұлттық бөлімін, оның ішінде кавалериялық бригада – 2, кавалериялық полк – 4, жаяу әскер полкі – 1, бекініс полкі – 1, атты әскер дивизиялары – 1, күзет ротасы – 8, пулемет взводы – 1.

Шығыс майдандағы Қызыл Әскердің жеңістері Торғай даласында да қазақ бөлімшелерінің құрылуына әкелді. 1919 жылы 1 ақпанда Торғай әскери комиссары А. Имановтың жетекшілігімен құрамында 175 жауынгері бар бірінші әскери полк құрылды. 1919 жылдың ағымында Торғай уезінде атты екі эскадрон, оқу командасын, пулемет командасы мен артиллерия құру жоспарланған болатын.

Алайда, бұл жоспардың жүзеге аспауынан 1919 жылы сәуірде басталған Колчак әскерінің Шығыс майданға басып кіруі Алашорда үкіметінің әскерлерінің белсенді қозғалысына әкелді. Соның салдарынан А. Иманов бастаған және большевиктерді қолдаған отрядтар мен қазақ ауылдарын Колчак әскері шауып, қырғынға ұшыратты.

1919 жылы Орал және Орынбор аймақтарын ақ гвардияшылардың құрылымдарынан тазартқаннан кейін, Орал облысындағы қазақ бөлімдерін құруды тездетті. 1919 жылдың ақпан айының соңында Қырғыз істері бойынша ерекше бөлім құрылғандығы жөніндегі шешім қабылданған Орал қаласында Кеңестердің Облыстық съезі өтті. Осы бөлімді басқарған Б. Қаратаевқа жергілікті қазақтар арасында саяси уағыздар жүргізу мен Қызыл Әскерге шақыруды насихаттау тапсырылды (Документальный сборник по гражданской войне, 1963:196-197).

1919 жылдың көктемінде «Жайық шындығы» газетінде Орал қаласына Қызыл Әскердің құрамына 300 қырғыз еріктісінің келіп қосылғандығын мәлімдеген болатын (Документальный сборник по гражданской войне, 1963:299).

1919 жылдың көктем айларында Шығыс Майданның революциялық Кеңесінің төрағасы М. Фрунзе Ә. Жангельдинге Орал, Торғай, Закаспий облыстарында және Бөкей Ордасында әскери қырғыз бөлімдерін «жедел құру жөніндегі ортақ жетекшілік» ететін мандат береді. 1919 жылдың қыркүйек айы мен 1920 жылдың қаңтарына дейін Ә. Жангельдин 700-ге жуық атты кавалериялық отряд құра алды. 1919 жылдың күз айларында қазақ әскери бөлімдерінің құрылу процесі жедел қарқынмен жүрді.

1919 жылдың аяғында Омбыда Ақмола және Семей облыстарындағы қазақ жастарының арасынан Бірінші Сібір қазақ ерікті полкі құрылды. Қазақстанның қызыл әскерлерінің жалпы деңгейін атап өте келе, аймақтық әскери комиссариаты 1920 жылы Революциялық Әскери Кеңесіне жазған ескертуінде: «Қазақтың атты әскер бөлімдерін құру және бақылау тәжірибесін ескере отырып, олардың ішінен кіші командирлер, нағыз атты әскерлер шығуы мүмкін: жылқыларды жақсы білу әдеті, Кеңес өкіметіне деген адалдығы, Қызыл Әскер қатарында қызмет етуге деген ұмтылысы, осының бәрі белгілі дайындықпен РСФСР-ге керемет нәтиже бере алады. Қазіргі уақытта қазақтардан қызыл атты әскерлерін құруға қадамдар жасалды, өйткені атты әскер курсынан келген қызыл командирлер, сондай-ақ қазақстандық Қызыл Армия ерлерінің өзі әскери істерге үлкен қызығушылық таныта бастады, бұл кіші командалық лауазымдарға ілгері жылжытады».

1919 жылдың ағымында большевик өкілдері Түркістан өлкесіндегі өздерінің ықпалы мен беделін арттыру үшін біраз жұмыстарды атқаруына тура келді. Мұндай жағдайда большевиктер орыс емес ұлттардың адамдарды Қызыл Армия қатарына шақыруда еріктілік қағидасынан бас тартуға мәжбүр болды. Осыған байланысты Еңбек және қорғаныс кеңесі 1920 жылы 10 мамырда Сібірдің орыс емес ұлттарын, сонымен қатар

Түркістанды және басқа да шеттерін Қызыл Әскер қатарына шақыру туралы қаулы қабылдады. Ол үшін Ресейдің Орталық Атқару Партиясының басшылары Түркістанның Коммунистік Партиясының барлық бөлімдерінде аталған өлкедегі «қаналған және тоналып, зорлық-зомбылық көрген барлық езілген халықтың сеніміне кіруді» тапсырды. Бұл жоспар құрамында әлеуметтік-экономикалық, ағартушылық-мәдени бағыттағы кешенді шараларды жүзеге асыруды қажет етті: мәдени шаруашылық қажеттіліктерге қызмет көрсету, сауда-саттық аясындағы ұлттық теңсіздіктің қалдықтарын жою, жерсіз шаруаларды жермен қамтамасыз ету, қырғыз (қазақ) кедейлеріне жерлерін қайтарып беру, орыс шаруаларымен құқықтарын тең ету, қараңғы халық арасында мектептерде оқуды тарату, сауатсыздықты жойып, мәдениетті көтеру үшін барлық күш пен қаражатты аямай жұмсау. Кеңестік биліктің жетекшілерінің ойынша, тек осындай ғана шаралар большевизмді тарату мен орнатуда, Қызыл Әскер қатарына артта қалған халықтарды көптеп тартуда маңызды рөл атқарып, нәтиже қол жеткізілінеді деп жоспарланды.

1919 жылдың 3 наурызында Түркістанның II Конференциясында жоғарыда аталған шараларды жүзеге асыру мақсатында Т. Рысқұловтың төрағалық етуімен мұсылман ұйымының Бюросы құрылды. 1920 жылдары қазақстандық әскери бөлімдерде 3878 Қызыл Армия жауынгері, 196 командалық құрам болды. Барлық құрамалар өте қиын жағдайларда және командалық құрамның, форманың, жабдықтың, көліктің жеткілікті саны болмаған жағдайда өтті. Торғай мен Орал облыстарының уездік қалаларымен байланыстың қиын жағдайында 1919 жылдың аяғында Омбыда Ақмола және Семей облыстарындағы қазақ жастарының арасынан Бірінші Сібір қазақ ерікті полкі құрылды.

Мұндай жағдайда большевиктер орыс емес ұлттардың адамдарды Қызыл Әскер қатарына шақыруда еріктілік қағидасынан бас тартуға мәжбүр болды. Осыған байланысты Еңбек және қорғаныс кеңесі 1920 жылы 10 мамырда Сібірдің орыс емес ұлттарын, сонымен қатар Түркістанды және басқа да шеттерінен Қызыл Әскер қатарына шақыру туралы қаулы қабылдады. Түркі тектес ұлт өкілдерінің белсенділігінің күшеюі нәтижесінде олардың пайызы Қызыл әскери бөлімдері мен құрамаларында едәуір өсті: 1920 жылдың қыркүйегінде 2-ші Түркістан дивизиясының шартты құрамы: 2024 адам – қазақтар мен қырғыздар болды.

Қызыл Әскер қатарына Қырғыз (Қазақ) және Түркістан республикаларынан жергілікті халықты тартуда большевиктер әскери құрылымдарды этникалық негізде құрып отырды. Аталған тәжірибені аймақта большевизм қағидаларын тарату мақсатында және ұлттық-мемлекеттік құрылыс негіздерін қалыптастыру үшін пайдаланылды. Оған дәлел ретінде Қызыл Әскердің құрамы туралы ақпараттарда 1919-1920 ж.ж. этникалық негізде құралған жергілікті халықтың есебі жайлы айтылады.

1919-1920 жылдары-ақ, Бөкей, Торғай, Орал облыстарында жергілікті халықтың ішінен 37 қазақ бөлімшелері мен құрамалары құрылған, оның ішінде 4 кавалериялық, 2 атқыштар полкі, 9 эскадрон мен 2 жаяу батаольон болды. 1919 жылдың күзінде алғашқы үлгілі қазақ кеңестік атты полкі құрылды, ол кейін Батыс Қазақстан қазақтары есебінен құрылған жеке атты бригадаға, атты әскерлер бригадасына берілді. 1920 жылдың аяғында жергілікті ұлт өкілдері Түркістан майданы жеке құрамының 33 пайызын құрады. 1919 жылдың қарашасында Жетісу майданының әскери революциялық комитеті «қызыл қырғыздардың бөлек кавалериясын құру» мақсатында 3-ші кавалериялық Шығыс полкін құру туралы бұйрық шығарды.

1920 жылдың ақпан айында Түркістан майданының әскери комитеті қазақтардан құралған бөлек Қазақ атты кавалериясын құру туралы бұйрыққа қол қойды. Аталған кавалерия Верный қаласында құрылып, кейін Түркістан кавалериялық дивизиясының 2-ші Қырғыз бригадасы деп атала бастады. Кеңес республикаларының әскери-саяси одағын құру үлкен маңызға ие болды, ол Қызыл Әскерді күшейтіп, азаматтық соғыстағы жеңіске ықпал етті.

Большевиктер Түркістандағы жергілікті түркі халқын таптық жағынан бөліп, Қызыл Әскердің тұрақты әскери бөлімдерін құра алды. 1920-1930 жылдары, коммунистік тоталитарлық жүйе КСРО халықтарына қысымын арттыр бастаған кезде, ұлттық бірліктерді құру жоспарлары айқын болды.

Тоталитарлық режим қоғамдық және саяси өмірдің барлық салаларында орнатылды. Оның Қазақстандағы көріністері 30-жылдардағы күштеп ұжымдастыру және саяси қуғын-сүргін кезеңіндегі қайғылы оқиғалармен қатар жүрді. Қазақстанға одақтас республика мәртебесін беретін аймақтағы әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар, мәдени құрылыс,

халық ағарту және ғылым саласындағы жетістіктер тоталитарлық режимнің қатал идеологиялық қысымымен өтті (История Казахстана с древнейших времен до наших дней, 1993:324).

КСРО-ның құрылуы одақтас республикалардың Қарулы Күштерін орталықтандырылған басқаруға алып келді. Алайда республикалардың толық қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету үшін ұлттық бөлімдерді ұйымдастыру мәселесі туындады. М.В. Фрунзе әзірлеген және РКП (б) XII съезінде бекітілген жаңа қоғамдық формациялар құру жоспары әскери реформаға енгізілді. Ол міндетті түрде әскери қызмет туралы заңды орыс емес ұлт өкілдеріне тарату, оларды Қызыл Әскер қатарына тарту мақсатында жинақталған есеппен салынған.

Отан қорғауда мұсылман және шығыс халықтарын Қызыл Әскерге тарту кезінде жергілікті ұлттық ерекшеліктер ескерілместен, әскерге тартудың тиімді әдістері мен формалары оңтайлы пайдаланылмады. Сондай-ақ, 1937-1938 жылғы қуғын-сүргін жылдарында Қызыл Әскер қатарындағы ұлттық бөлімдерді қайтадан жасақтау әрекеттері байқалады.

1941 жылы 22 маусымда Германияның КСРО-ға басып кіруі, соғыс өртінің кең қанат жаюы, соғыс қимылдарының адам ресурстарын шығындауы әскери мобилизацияның кең түрде жүргізілуіне әкелді. Қазақ территориясында 1941-1942 жылдары арасында мамандықтары сай емес 240 мың атқыштар мен 40 мың жауынгер қайта даярланып, соғыс майданына аттандырылды.

Майдан даласына ұлттық құрамалар мен бөлімдерді дайындап, аттандыруда Қазақстанның ірі өнеркәсіптік қалалары Алматы, Қарағанды, Ақтөбе, Жамбыл, Қостанай, Петропавловск, Шымкент, Өскемен белсенділік танытты. Сондай дивизиялардың бірі атақты 316-шы атқыштар дивизиясы Мәскеу түбіндегі шайқаста ерлік көрсеткен болатын. Аталған дивизия Алматыдағы Қорғаныс комитетінің бұйрығымен құрылған еді. Қайтадан жинақталып құрылған дивизиялардың құрамында бастапқыда негізінен 30 ұлттың өкілінен тұратын жеке құрамның 25 пайызға жуығын орыс, қазақ және қырғыздар құраған болатын.

Алайда, Қызыл Әскер қатарына ұлттық құрылымдарды құруда және тартуда кадрлардың жетіспеушілігі байқалды. Полк құрамында кіші командирларды дайындау жолға қойылды. Қырғыз АССР мен Түркістан АССР-нің қалаларында жедел түрде әскери курстар көптеп ашылды. Әртүрлі клубтар мен спорттың әскери-техникалық түрлерін дамытуда, қауымдастықтар мен түрлі мектептерді құру арқылы халықтың арасында әскери сауаттылықты уағыздауды жолға қойды.

1920 жылы орасан зор атқарылған еңбектің нәтижесінде өлкеде Қызыл Әскердің ұлттық құрамаларына командалық және саяси кадрлар дайындайтын артиллериялық, жаяу, әскери-топографиялық курстар жұмыс жасай бастады.

Қорытынды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін де Қызыл Әскердің құрамына ұлттық бөлімдер үшін «ерікті» түрдегі әскер қатарына тарту одан әрі жүргізілді. Аталған принцип әскери құрылыстың идеологы М.В. Фрунзе Қызыл Әскердің «қосымша күші» ретінде орыс халқынан емес көптеген контингентті мағызды санады.

1924 жылдың аяғында Кеңестік ұлттық бөлімдер мен құрамаларды құрудың жоспары бекітілді, бұл жоспарда Өзбек КСРІ-і, Закавказье Кеңестік Федеративтік Республикасы, Тәжік, Қырғыз, Бурят-Моңғол, Якут, Татар және Башқұрт АКСР-інде және тағы басқа жерлерде ұлттық әскери бөлімдер мен құрамаларды кеңейту мәселесі қаралған еді. Қысқа уақыт ішінде Қызыл Армияның ұлттық бөлімдерін ұйымдастырудың бесжылдық бағдарламасын басшылыққа ала отырып, әртүрлі әскери мектептер құрылды, соның ішінде түрікмендерге, тәжіктерге, қазақтарға және қырғыздарға арналған Ташкент әскери мектебі және 48-ші Қазақстан Кавалериялық полк қосымша түрде құрылды.

1925 жылы мамырда болған КСРО Кеңестерінің III съезі Революциялық Әскери Кеңестің Қызыл Әскердің ұлттық құрылымдары саласындағы жұмысын мақұлдап, Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетіне және КСРО Халық комиссарлар Кеңесіне «Социалистік Отанды қорғау ісінде» Кеңес Одағының барлық халықтарының мүдделеріне сәйкес ұлттық құрамалардың белгіленген жоспарын орындауды қамтамасыз етуді тапсырды. Съезд шешімдерінде жаңадан құрылған бөлімдер өзінің жауынгерлік қабілеті жөнінен жұмысшы-шаруа Қызыл әскерінің бұрыннан келе жатқан бөлімдерінен артта қалмауы үшін ұлттық бөлімдерді құру жоспарын бірте-бірте іске асыру қажет екенін басты назарда ұстады.

XX ғ. 20-30 жылдары Кеңес өкіметінің ұлттық ұжымдастыру мен репрессияға

қарсы көтерілістерге қатысқан қазақ халқына қарсы ұлттық әскери бөлімдері белсенді қолданылды, бұл ұлттық бөлімшелер Қызыл Әскер бөлімдерін құрудың шынайы себептерін ашады. Большевиктердің азамат соғысы жылдарындағы ұлттық құрамаларды құруындағы бастамалары «бөліп ал да, билей бер» ұстанымы бойынша орыс үкіметінің отарларын бақылауда ұстап отыру ниетінде жүзеге асқанын анық көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

- Аманжолов К., Тасболатов А. Қазақстанның әскери тарихы. Алматы: Білім, 1999. 166 б.
- Бакаев Л.К. Национальная безопасность Республики Казахстан (в контексте истории и современности). Астана: Елорда, 2000. 160 с.
- Варламов П. Из истории формирования первого Казахского кавалерийского полка // Большевик Казахстана. 1937. №3.
- Деятельность ЦК РКП(б) и В.И. Ленина по укреплению военно-политического единства советских республик (1917-1920 гг.) // Военный политический журнал. 1969. №1. 14 с.
- Документальный сборник по гражданской войне. Алиби Джангельдин. Документы и материалы. Иностранная военная интервенция и Гражданская война в Средней Азии и Казахстана: документы и материалы / Сост.: А.Г. Багрянцев, А.С. Елагин, И.А. Алимов и др. Алма-Ата: АН КазССР 1963. Т 1. 685 с.
- Искахов С. Российские мусульмане и революция (весна 1917 г. – лето 1918 г.) // Социально-политическая мысль, 2004. 634 с.
- История Казахстана с древнейших времен до наших дней (очерк), НАН РК, институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, институт археологии им. А.Х. Маргулана, фонд развития Казахстан. Алматы: Дауир, 1993. 324 с.
- Лысенко Ю.А. Формирование национальных подразделений Красной Армии Степного Края и Туркестана в период Гражданской Войны (1918-1922 гг.) // Народы и религии Евразии. 2018. №3(16).
- Лысенко Ю.А. Вопрос о воинской повинностей для казахского населения (70-е г. XIX в.- XX в.) // Известия Алтайского государственного университета. 2012. №4/2. С. 186-194.
- Корнеева К.П. К вопросу истории военного строительства в Казахстане (конец 1919-начало 1920 гг.) // Вестник Академии наук Казахской ССР. 1949. №4.
- Козыбаев М.К. Компартия Казахстана в период ВОВ 1941-1945 гг. Алма-Ата, 1964.
- Центральный Государственный архив Республики Казахстан (ЦГА РК). Ф. 1146. Оп. 1. Д. 141. Л. 27.

References

- Amanzholov K., Tasbolatov A. Qazaqstannyng askeri tarihy (Military history of Kazakhstan). Almaty: Bilim, 1999. 166 b. [In Kazakh].
- Bakaev L.K, Nacional'naya bezopasnost' Respubliki Kazahstan (v kontekste istorii i sovremennosti) (National security of the Republic of Kazakhstan (in the context of history and modernity). Astana: Elorda, 2000. 160 s. [In Russian].
- Varlamov P. Iz istorii formirovaniya pervogo Kazahskogo kavalerijskogo polka (From the history of the formation of the first Kazakh cavalry regiment) // Bol'shevik Kazahstana. 1937. №3. [In Russian].
- Deyatel'nost' SK RKP(b) i V.I. Lenina po ukrepleniyu voenno-politicheskogo edinstva sovetских respublik (1917-1920 gg.) (Activities of the Central Committee of the RCP(b) and V. I. Lenin to strengthen the military-political unity of the Soviet Republics (1917-1920) // Voennyj politicheskij zhurnal. 1969. №1. 14 s. [In Russian].
- Dokumental'nyj sbornik po grazhdanskoj vojne. Alibi Dzhangel'din. Dokumenty i materialy. Inostrannaya voennaya intervenciya i Grazhdanskaya vojna v Srednej Azii i Kazahstana: dokumenty i materialy (A documentary collection on the Civil War. Alibi Jangeldin. Documents and materials. Foreign military intervention and Civil War in Central Asia and Kazakhstan: documents and materials) / Cost.: A.G. Bagryancev, A.S. Elagin, I.A. Alimov i dr. Alma-Ata: AN KazSSR 1963. T 1. 685 s. [In Russian].
- Iskakov S. Rossijskie musul'mane i revolyuciya (vesna 1917 g. – leto 1918 g.) (Russian Muslims and the Revolution (Spring 1917-Summer 1918) // Social'no-politicheskaya mysl', 2004. 634 s. [In Russian].
- Istoriya Kazahstana s drevnejshih vremen do nashih dnei (ocherk) (History of Kazakhstan from ancient times to the present day (essay), NAN RK, institut istorii i etnologii im.

CH.CH. Valihanova, institut arheologii im. A.H. Margulana, fond razvitiya Kazahstan. Almaty: Daur, 1993. 324 s. [In Russian].

Lysenko YU.A. Formirovanie nacional'nyh podrazdelenij Krasnoj Armii Stepnogo Kraja i Turkestana v period Grazhdanskoj Vojny (1918-1922gg.) (Formation of national units of the Red Army of the Steppe Region and Turkestan during the Civil War (1918-1922) // Narody i religii Evrazii. 2018. №3 (16). [In Russian].

Lysenko YU.A. Vopros o vojnskoj povinnostej dlya kazahskogo naseleniya (70-e g. XIX v.-XX v.) (The question of military service for the Kazakh population (70s of the XIX century-XX century) // Izvestiya Altajskogo gosudarstvennogo universiteta. 2012. №4/2. S. 186-194. [In Russian].

Korneeva K.P. K voprosu istorii voennogo stroitel'stva v Kazahstane (konec 1919-nachalo 1920 gg.) (On the history of Military construction in Kazakhstan (late 1919-Early 1920) // Vestnik Akademii nauk Kazahskoj SSR. 1949. №4. [In Russian].

Kozybaev M.K. Kompartiya Kazahstana v period VOV 1941-1945 gg. (The Communist Party of Kazakhstan during the Great Patriotic War of 1941-1945). Alma-Ata, 1964. [In Russian].

Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CGA RK). F. 1146. Op. 1. D. 141. L. 27.

МРНТИ 03.20

DOI 10.51943/1814-6961_2021_1_118

ИСТОРИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ФОРМИРОВАНИЯ ПОЛЬСКОЙ ДИАСПОРЫ В КАЗАХСТАНЕ

Камалджанова Тахира Анваржановна¹, Жунусова Бота Надировна^{2*}

¹ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Казахстан

²Институт Истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, г. Алматы, Казахстан

*Автор-корреспондент

E-mail адреса: Takhira.Kamaljanova@mail.ru (Камалджанова), botanadirkyzy@gmail.com (Жунусова)

Аннотация. Статья посвящена одной из ключевых тем современной историографии – истории формирования польской диаспоры Казахстана. Процесс формирования многонационального населения Казахстана в основном был связан с общественно-политическими событиями XIX–XX вв., в первую очередь с переселением и депортацией народов. Территория Казахстана из-за своей малонаселенности являлась, как утверждают многие исследователи, «излюбленным» местом ссылки «неудобных» народов, среди которых были и представители этнических поляков. Польские поселения на территории Казахстана стали появляться в середине XIX века. Это были политические ссыльные, участники национально-освободительных движений в Польше середины XIX в., сосланные в Казахстан (Сибирь). В основном, все они были образованными и состоятельными людьми. В условиях дефицита в республике специалистов разного направления, они внесли большой вклад в развитие науки и образования дореволюционного Казахстана и продолжают участвовать в общественной жизни современного Казахстана. Цель статьи показать этапы образования и факторы, повлиявшие на формирование польской диаспоры на территории Казахстана.

Ключевые слова: польская диаспора, ссыльные, диаспоры Казахстана, депортация, переселение, миграция, польские ссыльные.

ҒТАМР 03.20

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПОЛЯК ДИАСПОРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ АСПЕКТІСІ

Камалжанова Тахира Анваржанқызы¹, Жүнісова Бота Надірқызы^{2*}

¹Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан